

Гигант ауылдық округінің Бидайкөл ауылындағы көшені қайта атау туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Гигант ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 04 маусымдағы N 372 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 маусымда N 5021 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастика комиссияның 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 1 қорытындысына сәйкес Гигант ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Гигант ауылдық округінің Бидайкөл ауылындағы "1 май" көшесі "Манап Нұрсейітов" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Гигант ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

А. Умбетов